

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
КеАҚ 2021-2025 жылдарға арналған
Стратегиялық даму жоспары**

Қызылорда, 2021 ж.

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ 2021-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары университет Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы мәжілісінде қаралып, бекітілген, №4 хаттама(өзгертулермен № 9 хаттама, 30 қараша 2021 жыл).

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
ПАСПОРТЫ.....	5
1. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ.....	6
1.1. Ағымдағы жағдайды талдау.....	6
1.1.1. Білім беру қызметі.....	6
1.1.2. Кадр саясаты.....	10
1.1.3. Ғылыми-зерттеу қызметі.....	12
1.1.4. Халықаралық ынтымақтастық.....	14
1.1.5. Тәрбие жұмысы.....	16
1.1.6. Материалдық-техникалық база.....	17
1.1.7. Бәсекелестерді талдау.....	19
1.1.8. Аймақпен байланыс.....	20
1.1.9. SWOT талдау.....	22
1.2. Тәуекелдерді басқару.....	23
2. "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КеАҚ–ның МИССИЯСЫ, ПАЙЫМДАУЫ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ.....	27
3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ ЖӘНЕ КҮТІLETІН НӘТИЖЕЛЕР.....	29
3.1. Ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың әлеуетін арттыру және корпоративтік басқару.....	29
3.2. Білім беру қызметін инновациялық қамтамасыз ету.....	32
3.3. Инновациялық экожүйені дамыту.....	41
3.4. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік әріптестікті дамыту.....	48
3.5. Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру.....	51
3.6. Инфрақұрылымды жаңғырту.....	54
4. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ.....	57
Бағдарламалық және нормативтік құқықтық актілердің тізбесі.....	59

КІРІСПЕ

2018 жылғы 4 шілдедегі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының кілттік ережелері ЖОО-ның қызметінің үш негізгі бағыты болып табылады: академиялық, басқарушылық және қаржылық.

Практикалық жазықтықта бұл өзгерістер жоғары оқу орындарының өз қызметінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, мамандар даярлау сапасын арттыруға, қазақстандық жастарда азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған.

Заңнамалық деңгейде ұсынылған автономия жоғары оқу орындарынан білім беру мен ғылыми қызметтің барлық құрылымдық және мазмұндық құрамын "қайта жаңғыртуды" талап етеді.

"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КеАҚ-ы көп бейінді жетекші жоғары оқу орны болып табылады, өңірдің экономикасы үшін ғана емес, сондай-ақ ел экономикасы үшін де білікті кадрлар даярлауда негізгі рөл атқарады. Осыған байланысты университеттің 2021-2025 жылдарға арналған Даму Стратегиясының түйінді хабарламасы – адами капиталды арттыруға және Қазақстанның өркендеуіне салмақты үлес қосу.

Ұсынылған Стратегия Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары мен бағдарламалық мақалаларындағы белгіленген еліміздің білім мен ғылымды дамытудағы негізгі басымдықтарға сәйкес әзірленді.

Стратегияның негізгі бағыттары мен университеттің даму көрсеткіштері "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасының мақсаттары және міндеттерімен үйлестірілген.

Университеттің стратегиясы Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспарын және 2021-2025 жылдарға арналған Өңірді дамыту бағдарламасының жобасын ескере отырып әзірленді.

Стратегия барлық құрылымдық бөлімшелерде жауапкерді бекіте отырып, әрбір стратегиялық бағыт бойынша іс-шараларды жедел жоспар арқылы жүзеге асырылатын болады. Белгіленген міндеттерді орындау және нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу мониторингі жүйелі негізде жүргізілетін болады.

ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның Атауы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы
Әзірлеуші	«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректордың Ө-201 бұйрығымен 05.10.2020 бекітілген.
мақсаты мен міндеттері	Мақсаты: "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КеАҚ-ны ел мен өңір экономикасының мүддесінде түлектердің, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің сапасы мен қажеттілігін қамтамасыз ететін қазіргі заманғы инфрақұрылымы, инновациялық білім беру, ғылыми және әлеуметтік саласы бар инновациялық - кәсіпкерлік университетке айналдыру Міндеттері: - жаңартылған білім беру мазмұны мен қабылданған Кәсіптік стандарттарды ескере отырып, университеттің білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру; - білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды ағылшын тілінде және үш тілде даярлау; - академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысатын білім алушылар мен ПОҚ санын ұлғайту; - университетті интернационалдандыру стратегиясын одан әрі іске асыру; - Академиялық адалдық және зерттеу этикасы қағидаларын одан әрі енгізу; - ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру; - білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуы; - студент жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру; - мемлекеттің жастар саясатын одан әрі іске асыру; - кадр саясатын жетілдіру; - университет инфрақұрылымын жаңғырту.
Жүзеге мерзімдері кезеңдері	асыру мен 2021-2025 жылдар
Қаржыландыру көздері	Университеттің меншікті қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат

Бөлім 1. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

1.1. Ағымдағы жағдайды талдау

1.1.1. Білім беру қызметі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беру қызметі білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензияның, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің, Университет Жарғысының және қабылданған жаңа академиялық саясаттың негізінде жүзеге асырылады.


Университетте жаңа жаһандық экономикалық еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін кадрларды даярлау бағыттары бойынша 5 Академиялық кеңес құрылды және Қызылорда облысының кәсіпорындары базасында 94 кафедра филиалдары жұмыс істейді.

Университет институционалдық аккредиттеуден, 102 білім беру бағдарламалары – мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізетін 2021 жылғы Жоғары оқу орындарының сұранысының Ұлттық рейтингісінің қорытындысы бойынша Университет ҚР жоғары оқу орындарының бас рейтингінің ТОП-20 құрамына кіріп, 7-орынды иеленді.


Кадрларды даярлау 5 институт базасында 62 бакалавриат, 35 магистратура, 13 PhD докторантура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Студенттер контингентін қалыптастыру болжамы бойынша жүйелі жұмыс нәтижесінде соңғы үш жылда білім алушылардың жалпы контингенті 5195-тен 7992 адамға дейін немесе 35% - ға өсті(1-сурет).



1-Сурет. Білім алушылар контингенті


2021-2022 оқу жылында білім алушылардың жалпы контингенті 7992 адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде 2420 адам, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру гранты негізінде – 77 адам, ақылы негізде – 5495 адам оқиды (2-сурет).



2-Сурет. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырыс, білім беру гранты және ақылы негізде оқитын студенттер контингенті

2021-2022 оқу жылында білім алушыларды қабылдау 3277 адамды құрады, оның ішінде 1048 – і мемлекеттік тапсырыс негізінде, 2229-ы ақылы негізде қабылданды.

2021-2022 оқу жылында 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушыларды қабылдау 715-тен 1048-ге дейін ұлғайды, бұл 31,8% - ды құрайды (3-сурет).




3-Сурет. Білім алушыларды қабылдау

2018-2019 оқу жылында білім алушыларды шығару – 1213 құрады, оның ішінде: Бакалавриат – 999, магистратура-205, докторантура-9.


2019-2020 оқу жылында білім алушыларды шығару – 1433 құрады, оның ішінде: бакалавриат бойынша – 1231, магистратура бойынша-190, докторантура бойынша – 12.

2020-2021 оқу жылында білім алушыларды шығару – 1523 құрады, оның ішінде: бакалавриат бойынша – 1340, магистратура бойынша – 162, докторантура бойынша – 21 (4-сурет).



4-Сурет. Соңғы 3 жылдағы университет түлектерінің контингенті

Бітірушілердің жұмысқа орналасуына оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі мен бітіруші кафедралар көмек көрсетеді. Кафедра және бөлім түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша бос жұмыс орындарын іздеумен, түлектер мен жұмыс берушілердің деректер банкін қалыптастырумен, жұмыс берушілермен байланыс орнатумен айналысады (сурет. 5)



5-Сурет. Университет түлектерін соңғы 3 жылда жұмысқа орналастыру

Өңірдің еңбек ресурстары балансына сәйкес жыл сайын Қызылорда облысы әкімінің білім гранттары бөлінеді.

2021-2022 оқу жылында облыс әкімінің гранты негізінде бакалавриат білім алушыларын қабылдау 66 адамды құрады, облыс әкімінің гранты негізінде білім алушылардың жалпы контингенті 318-ді құрайды.

Педагогикалық мамандықтарда орыс тілінде оқытатын академиялық топтардың білім алушылар контингенті 127 студентті құрайды, бұл педагогикалық мамандықтарда білім алушылардың жалпы контингентінің 5,4% - ын құрайды.

2021 жылы PGCE педагогикалық қайта даярлау бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламалары бойынша мұғалімдерді қайта даярлау келесі курстарбойынша ұйымдастырылды: математика, информатика, биология және шет тілі (ағылшын тілі). Курс аяқталғаннан кейін 14 оқушы мектепте сабақ беру құқығын беретін сертификаттар алды.

2021 жылдың қаңтар-мамыр айларында университет студенттері 11 білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып, 4 білім беру бағдарламасы – 2-ші орын, 6 білім беру бағдарламалары – 3-ші орын иеленді. 1-ші командалық орынды "6B02234 – Археология және этнология" білім беру бағдарламасының студенттері иеленді.

Университет кафедраларында кадрлық әлеуетті күшейту индикаторлары көзделген білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарлары әзірленіп, оқу-әдістемені қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайту, жұмыс берушілермен байланысты кеңейту әзірленді. Университетте көптілді білім берудің бағдарламаларын жетілдіру, ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Университет үшін білім беру сапасын арттыру бағытында профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру, ПОҚ біліктілігін арттыру курстары, жоғары оқу орындары арасындағы байланыстарды кеңейту, нығайту өзекті болып қала береді.

Білім беру қызметін талдау келесі мәселелерді анықтады:

- педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында орыс тіліде білім алушылар контингентінің болмауы;
- ПОҚ мен білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша төмен қамтылуы;
- ағылшын тілінде сабақ жүргізетін оқытушылардың аз қамтылуы.

Анықталған мәселелерді шешу үшін:

- орыс тілінде оқытатын педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында білім алушылар контингентін арттыру;
- ПОҚ және білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын белсенділендіру;

- ПОҚ және білім алушылар үшін шет тілдерін оқыту курстарын ұйымдастыру.

1.1.2 Кадр саясаты

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының контингенті 488 штаттық оқытушыны қамтиды, оның ішінде 47,5% (232 адам) ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылар: 24 ғылым докторы, 174 ғылым кандидаты, 34 PhD докторы. Магистр академиялық дәрежесі бар оқытушылар саны 192 адамды немесе ПОҚ жалпы санының 39,3% - ын құрайды.

Оқыту сапасын арттыру үшін өндіріспен тығыз өзара байланысты қамтамасыз ете отырып, тиісті сала мамандары, қосымша ғылым кандидаттары мен докторлары шақырылады. 2021-2022 оқу жылында оқу үдерісіне 88 қосымша (15,2%), оның ішінде ғылыми дәрежелері бар - 23 адам жұмылдырылды.

Жалпы ЖОО-ы бойынша ПОҚ сандық және сапалық құрамын талдау педагогикалық, техникалық, ауыл шаруашылығы ғылым салалары бойынша ғылыми дәрежесі бар кадрлармен қамтамасыз ету бойынша оң үрдіс байқалғанын көрсетті.

Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар ПОҚ-ның орташа жасы – 52 жас, Университет қызметкерлерінің орташа жасы-47 жас.

35 оқытушы - "Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағының иегерлері. 27 оқытушы Ресей сәулет және құрылыс ғылымдары Академиясының, Ресей инженерлік академиясының, Халықаралық Инженерлік академияның, Қазақ ұлттық білім академиясының, Қазақ Ұлттық Инженерлік академиясының, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының, Қазақстан Республикасы Педагогикалық Ғылымдар Академиясының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары Академиясының толық мүшелері болып сайланды.


2 оқытушы - "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері" құрметті атағының иегерлері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің желісімен университеттің 122 оқытушысы марапатталды, оның ішінде: "Ы.Алтынсарин" медалімен - 27 оқытушы, 4-"Еңбек ардагері" ; "ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері" - 28, "ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін" - 25, "ҚР Білім беру ісінің үздігі" төс белгісімен – 11 оқытушы, 27 оқытушы ҚР БҒМ Құрмет мадақтамамен марапатталды.

Кәсіби қызметтің бағалау мен профессорлық-оқытушылық құрамды ынталандыру үшін университетте жыл сайын рейтинг жүргізіледі; институт директорлары мен кафедра меңгерушілерінің қызметін бағалау үшін – KPI жүргізіледі.

Кәсіпорындарда біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша, еліміздің, жақын және алыс шетелдердің жетекші білім беру мекемелеріндегі біліктілікті арттыру курстарында университеттің барлық оқытушылары: оның ішінде 146 - ы – ұлттық ұстаз онлайн академиясы біліктілікті арттыру

курстарында, 13 – і - "НЗМ" АҚ ПШО-ның біліктілікті арттыру курстарында, 152-сі университет базасында ұйымдастырылған қысқы және жазғы мектептерде және т. б. біліктілігін арттырды

Университетте профессор-оқытушылар құрамының біліктілік жүйесі (6-сурет) оларға қойылатын біліктілік талаптарымен қайта қаралды.



Сурет 6. ПОҚ-тың мансаптық өсу моделі

"Профессор зерттеуші" және "оқытушы зерттеуші" жаңа лауазымдары енгізіліп, оларға біліктілік талаптары мен іріктеудің ішкі тетігі әзірленді.

Оқытушы моделі жаңа құзыреттіліктермен толықтырылды, оның ішінде кәсіпкерлік, IT құзыреттері, тәуекел-менеджмент саласындағы құзыреттер, өзгерістерге тез бейімделу және т. б.

Кадр саясаттын талдау келесі мәселелерді анықтады:

- ОПҚ мен қызметкерлердің орта жасын ұлғайту;
- ғылыми дәрежелері мен атақтары бар ПОҚ үлесінің азаюы.

Жоғарыда айтылған мәселерді шешу үшін жұмыстың мынадай бағыттары айқындалды:

- отандық және шетелдік жетекші университеттерде білім алған жас PhD докторларын шақыру;
- профессор зерттеуші лауазымын енгізу мен жас ғалымдарды тарту жолдарымен талант-менеджментті енгізу;
- жас ғалымдарды тарту арқылы таланттарды басқаруды енгізу және профессор-зерттеуші лауазымын енгізу;
- әлеуетті жұмыс берушілер арасынан практик-мамандарды тарту;
- қызметкерлердің жұмысын ынталандыру және нәтижелігін жақсарту тетіктерін жетілдіру;
- KPI, рейтинг жүйесі арқылы, сонымен бірге университет қызметкерлеріне материалдық-техникалық базаны жетілдіргені үшін, инвестицияларды тартқаны үшін сыйақы беру жолын жетілдіру;

- менеджмент, корпоративтік басқару саласындағы құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлерін қайта даярлау;
- кадрлық резерв бағдарламасын іске асыру;
- кадр саясатын іске асыру үшін тиісті бюджетті қалыптастыру.

1.1.3 ғылыми-зерттеу қызметі

Университет, студенттердің түрлі ғылыми жарыстарға, конференциялар мен олимпиадаларға қатысуын қаржыландырады, жүлдегерлер мен олардың ғылыми жетекшілерін моральдық және материалдық ынталандырумен қамтамасыз ете отырып студенттерді ғылыми қызметке баулу үшін қажетті жағдайлар жасайды.

2019 жылдың 04 наурызынан бастап университетте мына бағыттар бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру бойынша 7 диссертациялық кеңес жұмыс істейді::

- 8D011 – Педагогика және психология (6D010300 – Педагогика және психология) және 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі);
- 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау (6D011300-Биология);
- 8D017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау (6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті);
- 8D041 – Бизнес және басқару (6D050600-Экономика);
- 8D073 – Сәулет және құрылыс (6D072900-Құрылыс; 6d073000-құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру);
- 8D081 – Өсімдік шаруашылығы (6D080100-Агрономия);
- 8D086 – Су ресурстары және суды пайдалану (6D081000–Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау).

2020 жылы ЖОО-ы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде ҚР БҒМ Ғылым комитетінің аккредитациясынан 5 жыл мерзімге өтті (куәлік МК №006200 02.07.2020 ж.).

Университет оқытушыларын инженерлік-техникалық, аграрлық, педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғалымдар жүргізетін ғылыми зерттеулерді орындауға барынша тарту үшін университет жанында:

- "Қорқыттану" ғылыми орталығы;
- "М. Шоқай" ғылыми орталығы;
- "Археология және этнография" ғылыми орталығы;
- "Физика-химиялық талдау әдістері" инженерлік бейіндегі зертханасы;
- Т. Д. Қуанышбаев атындағы Химия-биологиялық зерттеулердің ғылыми білім беру орталығы;
- Агробихологиялық орталық.

"Қазақстан – 2050" стратегиясын, Қызылорда облысының 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік - экономикалық дамуының кешенді жоспарын жүзеге асыру шеңберінде ғылыми зерттеулердің тақырыбы әзірленді. Университет ғалымдары 100-ден астам ғылыми тақырыптарды, табиғи

ресурстарды үнемді пайдалану оның ішінде су ресурстарын тиімді пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар; ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер сияқты басым бағыттар бойынша; агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі; өмір және денсаулық туралы ғылым; "Мәңгілік ел" ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) ұсынды.

Байқау қорытындысы бойынша 3 жас ғалым мемлекеттік ғылыми стипендияның, 1 оқытушы ғылым мен техниканың дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері атанды.

Ғылыми қызметті қаржыландыру бес бағыт бойынша: республикалық және жергілікті бюджет негізінде; кәсіпорындармен және іскер-кұрылымдармен келісім шарт бойынша; құрылымдық ғылыми бөлімшелердің ақылы қызметтер көрсетуі есебінен; университеттің өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыру қаражаты есебінен 2020-2023 жылдары 74 ПОҚ мен білім алушы қатысатын жалпы сомасы 225 550, 999 мың теңгеге 11 жоба іске асырылады. DFG неміс гуманитарлық зерттеу қоры есебінен Эберхард пен Карл атындағы Тюбинген университетімен бірлесіп 2018-2021 жылдарға жалпы сомасы 27 244,000 мың теңгеге жоба жүзеге асты.

2019 жылы жергілікті бюджет есебінен ауыл шаруашылығы департаментінің 019 бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 7 077,784 мың теңгеге 2 жоба орындалды және "Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының" «Қызылорда облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша 2019 жылы - жалпы сомасы 9 199,000 мың теңгеге - 2 жоба, 2020 жылы-жалпы сомасы 28 100,000 мың теңгеге - 3 жоба, 2021 жылы-7 100,000 мың теңгеге 1 жоба. 2017 - 2020 жж. "«REEF Центробежные технологии "ЖШС-мен бірлесіп жалпы сомасы 800 000,000 мың теңгеге "Ғылым қоры" АҚ және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жобасы жүзеге асырылды.

2018 жылдан бастап 2021 жылға дейін қаржыландырылатын ғылыми жобалардың саны 47 құрады, оның ішінде: 2018 ж. – 12; 2019 ж. -15; 2020 ж. - 13; 2021-14.

2018 жылдан бастап 2021 жылға дейін қаржыландырудың жалпы көлемі 429 537 501 теңгені құрады: 2018 ж. – 101 329 207 теңге; 2019 ж. – 89 502 650 теңге; 2020 ж. – 108 187 324 теңге; 2021 ж. – 130 518 320 теңге.

2018 - 2021 кезеңде ЖОО ғалымдарының ғылыми жұмысы бойынша - 61 патент алынды; сол сияқты:2018 ж. – 17; 2019 ж. – 10; 2020 ж. – 16; 2021 ж. – 18.

- Авторлық құқық объектілеріне құқықтарды тіркеу туралы 8 куәлік алынса, сол сияқты 2018 ж. - 3, 2019 ж. - 3, 2020-1, 2021-1 куәліктер алынды.

Scopus/WoS базасына кіретін басылымдарда жарияланған мақалалардың жалпы саны: 2018 ж. – 32/17; 2019 ж. – 34/22; 2020 ж. – 60/33; 2021-65/35.

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінде қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, мынадай мәселер бар:

- бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру негізінде орындалатын ғылыми жобалар санының жеткіліксіздігі;
- оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуының төмен деңгейі;
- коммерцияландыру үдерісіне кәсіпкерлердің мүдделі еместігі;
- ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру үшін шетелдік ғалымдарды тартудың жеткіліксіз деңгейі;
- университет ғалымдарының инновациялық жобалар нәтижелерін өндіріске енгізудің төмен деңгейі.

Жоғарыда айтылған мәселерді шешу үшін жұмыстың мынадай бағыттары айқындалды:

- ПОҚ мен қызметкерлердің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру байқауларына қатысуын жандандыру;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және әртүрлі деңгейдегі ғылыми жобалар байқауларға қатысуын жандандыру;
- іскер-құрылымдарды ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға кеңінен тарту, университет ғалымдарының ғылыми қызмет нәтижелерін өндіріске енгізу;
- шетелдік ғалымдардың қатысуымен ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау;
- университет ғалымдарының ғылыми әзірлемелерін коммерцияландыруды жандандыру.

1.1.4 халықаралық ынтымақтастық

Университеттің халықаралық қызметі әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке одан әрі интеграциялануға бағытталған.

Университетте интернационалдандыру ұлттық мүдделерді, еңбек нарығының қажеттіліктерін және университеттің білім беру қызметінің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Университет Еуразиялық-Тынық мұхит университеттер жүйесінің (Австрия), еуропалық жоғары оқу орындары қауымдастығының (Бельгия), Университеттердің Ұлы Хартиясы (Италия), Еуразиялық Жоғары оқу орындары қауымдастығының (М. В. Ломоносов атындағы ММУ, Ресей), Азия университеттері қауымдастығының (Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан), Оңтүстік-Шығыс Еуропа және Қара теңіз өңірі экономикалық университеттері қауымдастығының (Греция), сондай-ақ Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ елдерінің ауыл шаруашылығы университеттері Консорциумының мүшесі болып табылады.

Жыл сайын университеттің халықаралық байланыстар географиясы кеңеюде. Бүгінгі таңда алыс және жақын шетелдердің жоғары оқу орындарымен, білім беру, мәдени орталықтарымен, жетекші ғылыми орталықтарымен, қорларымен және қоғамдық ұйымдарымен әріптестік байланыстар орнатылған, халықаралық ынтымақтастық саласында 170-ге жуық келісім шарттар мен меморандумдарға қол қойылды.

Университет Еуропалық Одақтың халықаралық жобалары мен бағдарламаларына белсенді қатысады. Қазіргі уақытта Университет Еуропалық Одақтың Эразмус+ бағдарламасының 3 жобасын, оның ішінде жоғары білім беру әлеуетін арттыру бойынша 1 жобаны "информатика саласындағы докторанттар мен жас зерттеушілерге арналған озық орталық" 610166-EPP-1-2019-1-SK-EPPKA2-CBHE-JP-ACeSYRI және халықаралық кредиттік ұтқырлық бойынша Словения мен Бельгия университеттерімен 2 жобасысәтті жүзеге асырылуда.

2017 жылдан бастап "GeKaVoc-Қазақстанның логистика, мехатроника және тұрақты энергиямен жабдықтау саласын кәсіби оқытудың трансферті" қазақстандық– немісбірлескен жобасы жүзеге асырылуда, жобаның үйлестірушісі Отто фон Герике атындағы Магдебург университеті, Германия.

Қос дәрежелі бағдарлама бойынша Корея Республикасының, Қытай Халық Республикасының және Польшаның жоғары оқу орындарымен өзара тығыз байланыс орнатылған. Осы бағдарлама аясында "Шетел тілі: екі шетел тілі" (корей тілі), "Мұнай - газ ісі", "Экономика және менеджмент" мамандықтарының 7 студенті Корея Республикасының Кангнам университетінде, Қытай мұнай университеті Пекин (ҚХР) мен В. Корфанто атындағы Жоғарғы Силез экономикалық университетінің экономика мектебінде білім алуда.

2017-2020 жылдар аралығында шетелдік инвестицияларды тарту есебінен интернетке қосылған компьютерлік орталық, 2 араб тілі кабинеті құрылды, 2 корей тілі кабинеті үшін жабдықтар сатып алынды, дәстүрлі емес энергия көздері бойынша қуаты 5 квт гибриді (күн-жел) электр станциясы сатып алынды.

2020 жылдың қазан айынан бастап университетте "қауымдастырылған серіктестердің жаһандық желісі" (Educational Testing Service (ETS) Global Preferred Associate Network) компаниясының келісімі бойынша TOEFL аймақтық тестілеу орталығы жұмыс істейді. Орталық барлық ниет білдірушілерге шетелдік жоғары оқу орындарына түсу үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін TOEFL форматындағы халықаралық тестілеуден өту арқылы ағылшын тіліндегі халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысу үшін өзінің ағылшын тілі деңгейін ресми растауға мүмкіндік береді.

Университеттің халықаралық қызметін талдау келесі мәселелерді анықтады:

- білім алушылардың, оқытушылар мен қызметкерлердің ағылшын тілін білу деңгейінің жеткіліксіздігі;

- ағылшын тілінде әзірленген білім беру бағдарламаларының болмауы.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу үшін жұмыстың мынадай бағыттары айқындалды:

- білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлер үшін ағылшын тілі курстарын ашу;

- университет институттарының кафедраларында шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

1.1.5.Тәрбие жұмысы

Университеттегі тәрбие жұмысының басым бағыттары білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды, отансүйгіштікті нығайту, тұтас жоғары мәдениетті және әлеуметтік-жауапты тұлғаны қалыптастыру, қоғамдық-саяси белсенділікті дамыту, азаматтық борышы және көшбасшылық дағдыларды арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дарынды жастарды қолдау, студенттің өзін-өзі басқарубелсенділігін арттыруболып табылады.

Университетте «Студенттік жастар одағы» қоғамдық бірлестігі, «Жас Отан» жастар қанаты, «Ұлағат өңірлері» педагогикалық тобы, «Ақиқат» саяси пікірсайыс клубы, «Қорыт жастары» көңілді тапқырлар клубы сияқты 22 жастар ұйымы жұмыс істейді. «Қазақстан студенттерінің альянсы», «Қыз Жібек» қыздар клубы, «Қыран» еріктілер клубы, «Қорқыт шақырады» жастар қозғалысы, «Домбыра-думан» клубы, «Сыр сымбаты» спорт клубы, «Book club» клубы, «Достық» студенттік клубы, «Жауқазын» жастар театры, «Good Deed» еріктілер клубы, «Саналы ұрпақ» фронт-офисі, «Enactus» клубы, «Сырлы қалам» жас ақындар клубы, «Q-crew» би клубы, «Qorqyt» зиялылары, «ArtStar» жас суретшілер клубы, «Қорқыт-зияткерлік» зияткерлік клубы.2021 жылдың қыркүйегінен бастап әлеуметтік-психологиялық көмек орталығы жұмыс істейді. Қаланың 27 мектебінде "Ақиқат"дебаттық саяси клубының филиалдары ашылды.

Университетте халықтық фольклорлық-этнографиялық және "Дидар"би ансамблі жұмыс істейді.

Университетте білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырып, бос уақыттарында дене шынықтыру сабақтары қызығушылықтары бойынша 21 спорт секциялары өткізіледі. Бүгінгі таңда университетте әртүрлі спорт түрлері бойынша 9 әлем чемпионы, 27 Азия чемпионы және 120 Қазақстан Республикасының чемпионы білім алуда.

Жыл сайын университет ауқымында "Студенттік көктем" шығармашылық жастар фестивалі, "Balmuzdaq Party" студенттер спартакиадасы, "Университет аруы" байқауы, Халықаралық студенттер күні, көшбасшыларға арналған жастар лагері, жас ақындар айтысы, "көмек бер" қайырымдылық акциясы, дебаттық турнирлер, шығармашылық жарыстар, ғылыми жиындар, зияткерлік ойындар, дөңгелек үстелдер, кездесулер және т. б. өткізіледі.

Университет түлектерінің жетістіктерін жариялау үшін университеттің Youtube каналында ұсынылған "Біздің PRIDE" жастар бағдарламасы жұмыс істейді. Барлық әлеуметтік желілерде таратылатын әр түрлі тақырыптағы бейнелер мен қысқа метражды бейнелер үнемі шығарылып тұрады. Сондай-ақ барлық іс-шаралар республикалық және жергілікті БАҚ-та, ресми сайтта үнемі жарияланып отырады korkyt.edu.kz және әлеуметтік желілерде.

Университетте оқу, ғылыми, қоғамдық қызметтегі жоғары көрсеткіштері үшін үздік студенттерді көтермелеу жүйесі жұмыс істейді. Тұрғын үйге мұқтаж барлық студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген. Жетім студенттер тегін тұрады. Университетте студенттер үшін оқу ақысы, қоғамдық көлікте жол жүру, тамақтану жеңілдіктері бар. Әрбір студент әлеуметтік картамен, интернетке, кітапханаға, спорт залдарына еркін қол жеткізумен қамтамасыз етілген.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда қол жеткізілген табыстарға қарамастан мынадай мәселелер орын алуда:

- студенттердің еріктілер қозғалысына қызығушылығының төмен деңгейі;
- жастар ұйымдарының жұмысына студенттердің қатысу деңгейінің жеткіліксіздігі.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу үшін жұмыстың мынадай бағыттары айқындалды:

- жастар клубтарының, еріктілер қозғалысының жұмысын жандандыру;
- Coworking орталығының ашылуы.

1.1.6 Материалдық-техникалық база

Университет инфрақұрылымына 10 оқу ғимараты, Студенттер сарайы, "Сейхун" спорттық-сауықтыру кешені, 6 студенттік асхана, 8 оқу залы бар кітапхана, агробиологиялық учаске, жылыжай шаруашылығы, әскери кафедраның оқу-тактикалық полигоны және 5 жатақхана кіреді.

Университетте жалпы ауданы 21993,4 м² 5 жатақхана бар: 1168 орындық 3 студенттік жатақхана, 176 орындық магистранттар мен докторанттарға арналған 1 жатақхана және 59 пәтерлі оқытушыларға арналған 1 жатақхана.

Университеттің жабық спорт ғимараттарының ауданы 6486,71 м² құрайды, оның ішінде жаттығу залы, 25x11м жүзу бассейні және футбол залы бар "Сейхун" спорттық-сауықтыру кешені бар. Университетте жалпы ауданы 8411 м² жазғы ашық спорт ғимараттары бар.

Университет студенттері мен қызметкерлерін тамақтандыру үшін жалпы ауданы 3206,8 м² болатын 750 орындық 6 асхана жұмыс істейді. Студенттерге профилактикалық, алғашқы медициналық көмек көрсету жұмыстары үшін университетте жалпы ауданы 109 м² медициналық орталық бар, ол қажетті медициналық жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен жабдықталған.

Мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу үшін 456 орындық акт залы және жалпы ауданы 1900, 31м²-тық студенттер сарайы бар,

Университетте корпоративтік компьютерлік желі, ақпараттық-білім беру порталының жүйесі "E-UNIVER" жұмыс істейді, оған барлық бөлімдер, қызметтер мен оқу бөлімшелері қосылған. Университеттің бірыңғай корпоративтік желісінің арқасында жеке ақпараттық жобалары korkyt.edu.kz және "E-univer" ақпараттық сайттары қарқынды дамуда.

Университетте қажетті техникалық және аудиовизуалды мультимедиялық оқу құралдарымен жабдықталған 12 виртуалды оқу және 93 мамандандырылған зертхана, 67 мультимедиялық аудитория бар.

Университетте кітапхананың кітап қорын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді, 2118 100 дана оқу, ғылыми, көркем әдебиет, аудиовизуалды және электрондық құжаттарды қамтиды.

2021 жылдың қаңтар айынан бастап кітапхана АИБС "МегаПРО" бағдарламасы бойынша жұмыс істейді, бұл электронды кітапхананы қашықтан пайдалануға мүмкіндік береді. 2021 жылдың 1 қазан жұлдызынан бастап кітапхана 5 жылға "AlemBook" отандық электрондық кітапханасының дерекқорына еркін кіру келісім шарттына отырды.

Электрондық кітапхана контенті 186659 оқу материалдарын құрайды, оның ішінде сандық жүйеге енгізілген толық мәтінді құжаттар-8465 (160 диссертация). Қызмет көрсету ПОҚ мен білім алушыларға 4 абонементте, 5 оқу және 3 электрондық залда жүргізіледі. Электронды-оқу залдарының ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін локалды желіге қосылған 70 компьютер орнатылған.

Кітапхана пайдаланушыларына отандық "AlemBook" <https://alemlibrary.kz/>, электрондық кітапханаларының дерекқорына еркін кіру мүмкіндігі берілген. (<http://rmebrk.kz>) Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана (ҚазҰЭЖ) <http://kazneb.kz/>, TheWebofKnowledge (ClarivateAnalytics) әлемдік ғылыми-техникалық ақпаратресурстарын пайдалануға <https://clarivate.com/Webofsciencegroup/solutions/web-of-science/>, Elsevier <https://www.elsevier.com/solutions> / Scopus компаниясы SciVerse ScienceDirect, "ақпараттың өкілетті өкілі" қорының ресурстарын тегін пайдалану <https://polpred.com> / және ғылыми электрондық кітапхана <https://elibrary.ru/defaultx.asp> және "онлайн университет кітапханасы" ЭКЖ жазылымы бар (<https://biblioclub.ru/>)

Университеттегі компьютерлердің жалпы саны 1200 бірлікті құрайды және олардың барлығы дүниежүзілік желіге қосылған. Интернет желісі сымсыз Wi-Fi арқылы ЖОО-ның барлық білім алушыларына тегін беріледі.

Телекоммуникациялық торап 12 сервер мен коммуникациялық жабдықтан тұрады, бұл оқу корпустарының барлық ішкі желілерін 1Гб/сек дейінгі арналардың жоғары жылдамдықты талшықты-оптикалық өткізу желісі арқылы бірыңғай корпоративтік желіге байланыстырады.

Инфрақұрылымның негізгі мәселелерін талдау мыналарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- 1940 жылы салынған №6-шы оқу ғимаратының орталық блогы апатты жағдайда тұр;
- №4,5,7, 8,9 оқу ғимараттарына, №1 жатақхана ғимаратына күрделі жөндеу қажет етіледі;
- оқу жабдықтарының, компьютерлік базаның және ұйымдастыру техникасының моральдық тозуы;
- білім алушылар үшін демалыс аймақтарының болмауы.

Мәселенің келесі бағыттары анықталды:

- оқу ғимараттары мен жатақханаларды күрделі жөндеу жүргізу үшін қаржы іздестіру;
- ескірген оқу жабдықтарын, компьютерлер мен оргтехниканы жаңарту;
- білім алушылар үшін демалыс аймақтарын құру;
- IT инфрақұрылымын дамыту үшін инвестициялар тарту;
- жұмыс және оқу үшін қолайлы орта құру.

1.1.7.Бәсекелестерді талдау

"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КеАҚ-ның бәсекелестік артықшылығы білім беру бағдарламаларының кең спектрі оқытудың үш деңгейімен жүргізіледі.

Қызылорда облысы түлектерінің бәсекелес басқа жоғары оқу орындарын таңдауы ең алдымен олардың баға саясатымен анықталады.

Аймақтағы бәсекелестерден басқа, біздің ЖОО-ға Ақтөбе және Түркістан шекаралас облыстарының университеттері айтарлықтай бәсекелестік көрсетуде.

ЖОО	Білім алушылар контингенті	Деңгейлері бойынша ББ саны	Жалпы профес-сорлық-оқыту-шылық құрам /% ПОҚ дәрежесі	Оқу ақысы, мың теңге
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	8053	78/35/13	497/49,1%	380 -443
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	10935	73/30/9/15/2	973/60%	380 -950
Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті	14986	79/41/6	652/41,3%	350 -650

Арал және Қазалы аудандарының талапкерлері үшін Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті тартымды болып табылады, ол "Серпін" бағдарламасы шеңберінде оқуды ұсынады, сондай-ақ оқуға жеңілдіктердің кең спектрін ұсынады.

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Жаңақорған ауданынан келген талапкерлер үшін) білім беру қызметтерінің кең спектрін соның ішінде "денсаулық сақтау" дайындық бағыты бойынша, 4 тілде оқыту, Түркия Республикасы тарапынан оқуға квоталарұсынады.

1.1.8. Аймақпен байланыс

Университет Қызылорда облысының экономикасы мен әлеуметтік саласының барлық салалары үшін кадрлар даярлауды жүзеге асырады. Сондықтан, даму стратегиясын айқындау кезінде жыл сайын Қызылорда облысының еңбек нарығының мониторингі жүзеге асырылады.

Қызылорда облысы индустриялық-аграрлық өңір болып табылады.

Өңір өнеркәсібі тау-кен өндіру саласы, металлургия, машина жасау, энергетика, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі кәсіпорындарынан тұрады. Өнеркәсіппен қатар өңірде агроөнеркәсіп кешені де дамыған. Облыс республикадағы күріштің (90%) негізгі өндірушісі болып табылады. Облыс аумағында дәнді дақылдар, жемшөп, картоп, көкөніс, бақша, майлы дақылдар өсіріледі.

Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы, тамақ өнімдерін өндіру, құрылыс материалдарын өндіру, қызмет көрсету, туризм, демалыс, ойын-сауық және т. б. салаларды дамыту үшін әлеуеті жоғары өңір.

Болашақтың бағыты ретінде жеңіл (жиһаз, тігін және шұлық-ұйық бұйымдарын өндіру, жүн мен теріні қайта өңдеу) және тамақ өнеркәсібін (алкогольді және алкогольсіз сусындар, макарон, нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер, сүт және ет өнімдерін өндіру, етті, балықты, жемістер мен көкөністерді консервілеу) дамыту көзделеді. Мал шаруашылығын, оның ішінде ет бағытындағы балық аулауды және экспорттық әлеуеті жоғары балық өңдеуді келешекте дамыту бойынша мықты орны бар. Мал шаруашылығында түйе шаруашылығы, жылқы шаруашылығы және қой шаруашылығы сияқты кіші салалар дамыды.

Өңір туризм индустриясын дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие: Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан орта ғасырлардағы археологиялық объектілер, "Байқоңыр" ғарыш кешені, "Қорқыт Ата" мемориалдық кешені, Арал теңізі, Қамыстыбас көлінің жағалауындағы демалыс аймағы.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес Қызылорда облысы туризмнің танымдық, этномәдени және экологиялық түрлерін алдағы күнде дамыту "Ұлы Жібек жолын жаңғырту" туристік кластеріне енгізілген.

Сонымен қатар, өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті/ШОК/ дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жалпы өңірлік өнім құрылымындағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 2017 жылмен салыстырғанда 2019 жылы 14,2-ден 16,8% - ға өсті. Бүгінгі таңда облыста 52,4 мың ШОК субъектісі тіркелген, оның 87,9% - ы немесе 46,1 мыңы жұмыс істеп тұр. 3 жылдың серпінінде (2017 жылғы 1 қаңтарға 74,9%) қолданыстағылардың үлесі 17,5%

- ға өсті. Сондықтан Университет барлық академиялық құрамдасын сақтай отырып, ПОҚ, қызметкерлер мен студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға баса назар аударатын болады.

Соңғы 5 жылда қалада бала туудың жоғары деңгейі байқалады (39,5 мың бала). Оқушы орындарының тапшылығы байқалады. Өңірдің одан әрі дамуы үшін сапалы, заманауи білімге оның барлық деңгейінде қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды шарт болып табылады. Алдағы жылдары 790 орындық Жаппасбай батыр көшесі және Маханбетов ауылы бойынша) 4 балабақша (шағын ауданда) салу жоспарлануда, 1650 орындық 11 жекеменшік балабақша, 3900 орындық 6 жаңа мектеп (ш / а. Саяхат 2021 ж. 300 орынға, Бәйтерек 600 орынға), Қызылжарма (2024 ж. 900 орынға), СПМК (2022 ж.) және Арай м.а-3 (2023 ж.), Сырдария өзенінің сол жағалауында (2023 ж.) (900 орынға), Қызылорда қаласында жұмыс істеп тұрған 2 мектепті 400 орынға кеңейту (2021 ж.) және Қызылөзек ауылындағы жапсарлас құрылыс мектебі (2022 ж.), Қызылорда қаласында 3 жеке меншік мектеп салу жоспарлануда.

Бүгінгі таңда өңірде "Физика", "Математика", "Химия", "География", "Орыс тілі мен әдебиеті", "Ағылшын тілі" пәндері бойынша орыс тілінде оқытатын мұғалімдерге, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қажеттілік бар.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қызметі жаңа құзыреттіліктерге ие сұранысқа ие кадрларды даярлауға, үздіксіз білім беруді дамытуға, технологиялар трансфері мен инновацияларды қолдауға негізделген" үшінші миссияны " іске асыруға, сондай-ақ бизнес, билік, азаматтық қоғам өкілдерінің, ғылыми-педагогикалық кадрлардың өзара іс-қимылын күшейтуге бағытталған.

Өңірдің дамуы бойынша университеттің мүмкіндіктері келесі бағыттарда қарастырылады:

- университеттің Қызылорда облысының экономикасы мен әлеуметтік саласын кадрлармен негізгі «жеткізушісі» ретіндегі үлесі (тамақ өнімдерін өндіру технологиясы (ет және балық өнімдерінің технологиясы, сүт және сүт технологиясы) өнімдер, консервілер мен тағамдық концентраттар технологиясы, көкөністерді, бақша дақылдары мен жемістерді өңдеу технологиясы), жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің технологиясы және дизайны (былғары мен жүнді өңдеу технологиясы, киім өндірісінің технологиясы, жүн өнімдерін өндіру технологиясы), педагогика және инклюзивті білім беру психологиясы, электронды коммерция, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, блокчейн және BigData, робототехника, құрылыстағы IT, агрономиядағы IT, IT аудит және басқа да бағдарламалар) сияқты білім беру бағдарламаларын ашу жоспарлануда.

- қолданбалы ғылыми зерттеулерді, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді дамыту (Қызылорда облысы жағдайында жайылымдық маусымда ірі қара малға арналған "Жасыл конвейер" жүйесін енгізу; "Тан LTD" ЖШС-нің күріштің ауыспалы егістерінде жергілікті

селекцияның әртараптандырылған дақылдарын: "Зарина" бидайын және "Алтын арай" көп қатарлы арпа, күріш өсірудің инновациялық технологиясын енгізу; Қызылорда облысының күріш ауыспалы егістерінде жергілікті селекциядағы арпаның жаңа сорттарын өндіріске енгізу; Қызылорда облысы жағдайында көкөніс дақылдарын өсірудің инновациялық биотехнологиялық әдістерін енгізу негізінде жылыжай өндірісін қарқындалту, Қызылорда облысының көкөніс және бақша дақылдарынан кептірілген өнімдерді өндіру технологиясын енгізу, Қызылорда қаласын көгалдандыру және жерсіндіру үшін қылқан жапырақты және сәндік екпелерді пайдалану, жергілікті шикізат ресурстары негізінде күл қиыршығын өндіру технологиясы, балалардың сыртқы киімдерін өндіру, мұнай қалдығы мен күріш қалдықтарын кешенді өңдеу, Арболит - композициялық материал алу үшін Ауыл шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу технологиясын әзірлеу, Қызылорда облысының елді мекендері мен кәсіпорындарының сарқынды суларын кәдеге жаратудың қалдықсыз технологияларын әзірлеу).

-әрбір институттың, технологияларды коммерцияландыру бөлімінің базасында ПОҚ бизнес-инкубаторларын, стартап компанияларды, инновациялық орталықтарды, жобалық конструкторлық бюроларды және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру.

- кәсіптік білім беру және қайта даярлау, кадрлардың біліктілігін арттыру (сүт өндірісіндегі инновациялық технологиялар, ұлттық брендтік киім тігу технологиясы, киізден бұйымдар жасау технологиясы, жылыжай шаруашылығы, Қызылорда облысы жағдайында бәсекеге қабілетті сиыр етін өндіру, күріштің ауыспалы егісінде жемшөп дақылдарын өсіру технологиясы, Қызылорда облысында этно - және экотуризмді дамыту).

ЖОО-ның оқытушылары мен қызметкерлері қоғам өміріне, өңірдің мәдениеті мен ғылымын дамытуға белсенді қатысады. Мұндай қатысудың негізгі формаларына мыналар жатады:

- ПОҚ-ның білім, мәдениет, спорт, өнеркәсіп және экономика саласындағы өңірлік комиссияларға қатысуы;
- ұйымдар мен өндірістерге кеңес беру қызметін көрсету;
- университеттің шығармашылық ұжымдарының мәдени және ағартушылық жұмыстары.

1.1.9. SWOT талдау

Университеттің, еңбек нарығының және бәсекелестердің ағымдағы жағдайын талдау университет қызметіндегі күшті және әлсіз жақтарды анықтауға, даму үшін қолайлы мүмкіндіктерді анықтауға және тәуекелдерді сәйкестендіруге, теңдестіруге мүмкіндік берді.

S (strength) – күшті жақтары	W (weakness) – әлсіз жақтары
1. Ұсынылатын білім беру бағдарламаларының кең спектрі. 2. Тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына, білім	1. Оқу ақысына жоғары тәуелділік (университет табысының 90% - ы оқу ақысына келеді).

алушылардың өзіндік белсенділігі мен шығармашылығына қолайлы жағдайлар 3.Институционалдық және мамандандырылған халықаралық аккредиттеудің болуы; 4.Үштілді білім беру бағдарламасының жүзеге асуы. 5. Университеттің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті аккредиттеу туралы куәлігінің болуы. 6. ПОҚ мен қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін жағдай жасалынуы, академиялық ұтқырлықты дамуы, кадрлық әлеуеттің алыс және жақын шетелдердің жетекші университеттерінде біліктілігін арттыруы 7. ОПҚ жұмысының сапасын бағалау және жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін материалдық көтермелеу жүйесінің болуы. 8.Студенттердің қоғамдық өмірге қатысуы (әлеуметтік үлес). 9. Университеттің ТОП-менеджментіне және білім беру үдерісіне шетелдік мамандарды тарту. 10. 85 жылдық тарих.	2.Кадрлардың қартаюы. 3.Кәсіпкерлік қызмет дағдылары бар білікті персоналдың тапшылығы. 4.Университет ғалымдарының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жергілікті аймақ кәсіпорындарымен бірлескен (ҒЗТҚЖ) жұмыстың жүзеге асуы жеткіліксіз; 5.ПОҚ мен білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейінің төмендігі. 6.Ғылым, білім және өндіріс арасындағы әлсіз байланыс. 7. Іскерлікүдерісінің сандық /цифрландыру / деңгейінің төмендігі. 8. ПОҚ-ның әлсіз сыртқы/ішкі академиялық ұтқырлығы.
О (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер	T (threat) – қауіптер, қауіптер
1.ҚР оңтүстік-батыс аймақтағы көшбасшы. 2. Университеттің дәстүрлері мен брендин дамыту. 3.Жұмыс берушілердің, мемлекет пен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес білім беру жүйесі мен ғылыми қызметті әртараптандыру. 4.Қызылорда облысының орта мектептері түлектерінің санын арттыру. 5. Рекрутинг орталығының қарқынды жұмыс істеуі. 6.Университеттің аймақтық үдерістерінің интеграциялануын және өңірдегі іскерлік ынтымақтастығын жүзеге асыру. 7.Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымдарының қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық бюролар, тәжірибелік өндірістер құру. 8.Отандық және шетелдік ғылыми орталықтармен тығыз ынтымақтаста болу үшін барлық мүмкіндіктерді кеңейту. 9.PhD докторантурада ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды кеңейту. 10.Студенттермен алмасу бағдарламалары мен тағылымдамалар санын ұлғайту 11. Халықаралық гранттар мен бағдарламалар бойынша оқыту. 12. Әріптестіктің жеке, мемлекеттік түрлерін дамыту.	1.Қызылорда облысы талапкерлері Алматы, Нұр-сұлтан, Ақтөбе қалаларына, Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарына кетуі. 2.Ресейлік жоғары және орта білімнен кейінгі оқу орындары және басқа бәсекелестер тарапынан белсенді бәсекелестік. 3.Аралас мамандықтар бойынша жоғары оқу орындары тарапынан білім беру қызметі нарығында бәсекелестікті күшейту. 4.Кәсіпорындар мен іскерлік құрылымдардың ғылыми өнімдерді коммерцияландыруға деген қызығушылығының әлсіздігі. 5. Негізгі ғылыми-технологиялық және ақпараттық жабдықтардың тозуы. 6.Білім алушылардың төлем қабілеттілігі деңгейін төмендіуі. 7. Шағын рентабельді емес академиялық топтардың болуы.

1.2. Тәуекелдерді басқару

Білім беру және ғылыми-зерттеу қызметінде Университет Стратегия мақсатына қол жеткізуге және нысаналы индикаторларға қол жеткізуге кедергі келтіретін бірқатар тәуекелдерге тап болуы мүмкін.

Мақсатқа қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Талапкерлердің елдің басқа өңірлеріне және жақын және алыс шет елдерге кетуі	- кәсіптік бағдарлау жұмысын кеңейту және жандандыру; - жақын және алыс шетелдерде өкілдіктер ашу
Аралас мамандықтар бойынша жоғары оқу орындары тарапынан білім беру қызметтері нарығында бәсекелестікті күшейту	- мектептер мен колледждер оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту, Қазақстанның басқа өңірлері мен Таяу шетелдерді қамту
Білікті ғылыми-педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі	- университетте PhD докторантураның жаңа білім беру бағдарламаларының ашылуы; - отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында PhD докторларын даярлау; - кадр резервін даярлау; - ПОҚ ынталандыру жүйесін жетілдіру және әлеуметтік пакет ұсыну; - академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білікті ПОҚ қызметкерлерін шақыру; - оқу үдерісіне тәжірибелі мамандарды тарту мақсатында өндірістегі кафедра филиалдарының санын көбейту
Инновациялық білім беру бағдарламаларын дайындамау уақтылы	- білім беру бағдарламаларын әзірлеуші мен жұмыс берушілерді „бірлестіріп оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу; - білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерді кәсіби стандарттармен, нұсқаулықтармен, әдістемелік ұсынымдармен және сапалы білім беру бағдарламаларын жасау жөніндегі басқа да құжаттамалармен қамтамасыз ету; - кадрларды даярлау бағыттары бойынша академиялық кеңестердің жұмысын тиімді белсендіру.

	- бекітілген кәсіптік стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеу; - стейкхолдерлерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге кеңінен тарту; - стейкхолдерлердің мүдделерін, сұраныстарын, қажеттіліктерін зерделеу; - білім беру бағдарламаларына сараптамалық бағалау жүргізу; - педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша ПОҚ біліктілігін арттыру курстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу; - материалдық-техникалық базаны жетілдіру; - білім беру қызметтерінің сапасы және оны жақсарту жолдары туралы білім алушылар мен оқытушылар арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізу; -білім беру қызметтерінің сапасын зерттеу бойынша фокус-топтарды ұйымдастыру; - академиялық кеңестердің, сапа жөніндегі комитеттердің жұмыс істеуі
Білім беру қызметтері сапасының төмендеуі	- білім алушылармен аудиториялық және аудиториядан тыс уақытта тұрақты негізде кері байланысты ұйымдастыру; - өндіріс мамандарын, шетелдік оқытушыларды дәріс оқу, шеберлік сабақтарын өткізу, білім алушылармен байланыс жасау үшін шақыру; - дуальды оқыту элементтерімен оқу сабақтарын ұйымдастыру; - негізгі білім беру бағдарламалары шеңберінде білім алушылар үшін minor қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу
Таратылатын білімнің өзектілігін төмендету	- оқыту семинарларын ұйымдастыру; - оқытушыларды ғылыми журналдар мен олардың мәртебелері туралы хабардар ету

ПОҚ мен қызметкерлердің ғылыми мақалаларын "жыртқыш" журналдарға жариялау	- оқыту семинарларын ұйымдастыру; - ғалымдардың ғылыми жобаларына ішкі сараптаманы ұйымдастыру; - университет ғалымдарының ғылыми жобаларының тақырыптары, мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін ашық талқылауды ұйымдастыру
Университет ғалымдарының ғылыми жобаларына сараптамалық бағаның төмен болуы	- бизнестің ғылыми әзірлемелерге қажеттілігін анықтау; - ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу; - кәсіпорындармен және іскерлік құрылымдармен байланысты кеңейту ; - жұмыс беруші кеңесінің жұмысын жандандыру
материалдық-техникалық, техникалық сипаттама базасының төмендеуі	- білім беру бағдарламаларының қолда бар материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктерін талдау; - Жаңа жабдықты сатып алуға өтінім беру; - материалдық-техникалық базаны үнемі жаңартып отыру; - оқу сабақтарында виртуалды зертханаларды, цифрлық зертханалық қондырғыларды пайдалану
Талапкерлерді ынталандырудыңгейі төмен	- талантты жастарды тарту бойынша кәсіби бағдарлау жұмысын күшейту; - университет гранттарын бөлу және дарынды жастар үшін оқуға жеңілдіктер беру; - университеттің дайындық бөлімі мен рекрутинг орталығының қызметін тиімді ұйымдастыру; - кадрларды мақсатты даярлау үшін өңірдің ірі кәсіпорындарымен байланысты кеңейту

Бөлім 2. "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КеАҚ МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Миссиясы:

Білім мен ғылымның интеграциясы, қоғамның дамуы үшін жеке және кәсіби әлеуетті жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті кадрларды даярлаудың жаңа білім мен технологиялардың генерациясы мен трансферті негізінде сапалы деңгейін қамтамасыз ету.

Пайымдауы:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті-инновациялық-кәсіпкерлік жоғары оқу орны, әлемдік білім, ғылым беру кеңістігіне біріктірілген, дамыған халықаралық тұғырға ие.

Құндылықтар:

Ашықтық

Біз жаңа идеяларға, адамдарға, өзгерістерге ашық диалог пен ынтымақтастыққа ашықпыз.

Адалдық

Біз өзімізге, жұмысымызға, университетке, әріптестерімізге және білім алушыларымызға әділ және адалмыз. Университеттің беделі мен оның құндылығы жеке пайдаданда жоғары.

Сапасы

Біз ЖОО түлектерінің кәсіби білімдері мен кәсіпкерлік дағдыларының жоғары деңгейін қалыптастыруға ұмтыламыз.

Инновациялылық

Біз білім және ғылым саласындағы жаңа жетістіктерді, ресурстарды басқарудың үздік тәжірибелерін үнемі дамытамыз, әзірлейміз және қолданамыз.

Әлеуметтік жауапкершілік

Біз Қазақстан қоғамына байқаушы ретінде емес, қоғам мен болашақ ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігін түсінетін қоғам дамуының белсенді қатысушылары ретінде кірдік.

**Инновациялық-кәсіпкерлік университетке
айналдыру/трансформациялау/**

2025 жылға қарай университет инновациялық-кәсіпкерлік жоғары оқу орны болып қайта құрылып, даму арқылы аймақтағы инновациялық ортаны дамыту бойынша жетекші ғылыми және үйлестіру орталығына айналады:

* еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өзін-өзі танытуға, азаматтық құндылықтар мен әлеуметтік жауапкершілікке бағытталған басым бағыттар бойынша білікті кадрлар даярлаудың инновациялық жүйесі.

* басым бағыттары іргелі және қолданбалы зерттеулер;

* әлеуметтік-бағытта және кәсіпкерлік инновациялық белсенділік, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік /әрі қарай МЖӘ/ тетіктерін пайдалану.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін кәсіпкерлік инновациялық жоғары оқу орнына айналдырудың түйінді факторлары:

- дарынды білім алушылар, ПОҚ, ғалымдар;
- университетті коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде дамыту;
- университеттің академиялық және басқарушы дербестіктерін енгізу;
- іскерлік үдерістерін сандық жүйеге көшіру және сандық /цифрлық/ университетке көшу виртуалды университет 4.0;
- адами капиталды дамыту: "Профессор-зерттеуші" және "оқытушы - зерттеуші" санаттарын енгізу;
- университет қызметкерлерінің жұмысының нәтижелілігіне қарай еңбегіне ақы төлеу жүйесін енгізу;
- кәсіпкерлікті дамыту;
- қаржыландыру көздерін әртараптандыру, оның ішінде МЖӘ дамыту, эндаумент қорын құру, венчурлік қаржыландыруды тарту.

Бөлім 3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Университет қызметінің стратегиялық бағыттары:

1. Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың әлеуетін арттыру;
2. Білім беру қызметін инновациялық қамтамасыз ету;
3. Инновациялық экожүйені дамыту;
4. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік әріптестікті дамыту;
5. Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру;
6. Инфрақұрылымды жаңғырту.

3.1. ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Мақсаты:

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру және Университеттің кадрлық әлеуетін күшейту.

Міндеттері:

- кәсіпкерлік қызмет құндылығына бағытталған корпоративтік мәдениетті, корпоративтік этиканы дамыту;
- HR, PR, жобалық менеджмент арқылы университеттің тартымдылығын арттыру және ребрендинг;
- талант-менеджментті енгізу;
- университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің IT және Кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту, ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру;
- университеттегі персонал санын оңтайландыру;
- ПОҚ мен қызметкерлерді ынталандыру және ынталандыру жүйесін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- дамыған корпоративтік мәдениет;
- жобалық менеджмент қағидаттары негізінде бағдарламалық-нысаналы басқару;
- университеттің ұйымдық сәулетінің жаңа моделі;
- таланттарды тартуға және сақтауға бағытталған HR жүйесі;
- Жоғары ғылыми-педагогикалық әлеуеті бар ПОҚ;
- 2025 жылға дейін ПОҚ мен қызметкерлердің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру.

Нысаналы индикаторлар:

Нысаналы индикатор	Өлшем бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең				
		2021	2022	2023	2024	2025
Менеджмент саласында білік-тілікті арттыру	%	75	85	90	95	100

курстарынан өткен әкімшілік-басқару құрамының үлесі						
ЖОО-ның академиялық еркіндік жағдайында басқару жүйесін, ұйымдық құрылымын, архитектурасын және кадр саясатын жаңарту үлесі	%	10	10	10	10	10
Кадрлық әлеуетті арттыру бойынша жаңа біліктілік талаптарын (стандарттарын) енгізу деңгейі Талант- менеджмент;	%	20	20	20	20	20
Эндаумент қорын құру		+				
ЖОО-ның жалпы табысынан эндаумент қорындағы қаражаттың үлесі	%	-	0,1	0,15	0,2	0,25
QSEECA халықаралық рей-тингіндегі ЖОО-ның позициясы	орны	351- 400	300- 350	300- 350	300- 350	250- 300
ЖОО-ның Ұлттық рейтингтегі деңгейі	орны	8	8	8	7	7
PhD дәрежесі мен ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	47	47	48	49	50
Оқу үдерісіне тартылған жұмыс берушілердің, іскер-құрылымдарның саны	адам.	54	55	56	57	60
Оқу үдерісіне тартылған жұмыс берушілердің, іскер-құрылымдардың үлесі	%	9	10	10	10	10
ЖОО ПОҚ жалақысының орташа деңгейінің Қазақстан Республикасы бойынша орта-ша айлық жалақыға арақа-тынасы (ресми деректер бойынша stat.gov.kz)	%	75	78	80	82	85

Индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру үшін жыл сайын жетекші университеттер, Назарбаев Университеті, "Өрлеу"БАҰО /Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталық/ АҚ базасында білім берудегі менеджмент саласындағы басшы кадрлардың біліктілігін арттыру жоспарлануда.

Университеттің әкімшілік-басқарушылық және профессорлық-оқытушылық құрамын біріктіретін корпоративтік орта құру жоспарлануда, бірлесіп тиімді жұмыс жасамай, ортақ мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес, сонда әрбір құрамдас бөліктің функциялары мен пайдалылығы түсінікті болады.

Университеттің білім беру кеңістігінде орнығуы, өзінің беделін жақсарту және оның басқа жоғары оқу орындарынан айырмашылығын атап көрсету, менеджменттің тиімділігін арттыру, басқару жүйесін өзгеретін сыртқы жағдайларға тез бейімдеуді керек ететін жұмыс істеу тетіктерін құру жалғасын табатын болады.

Рейтингтердегі жоғары деңгей білім беру бағдарламаларының сапа сертификаты болып табылады. Университет QSEECA нұсқасы бойынша әлемнің 300 жетекші университеттерінің қатарына кіреді, ЖОО-ның Ұлттық рейтингтердегі орны 8-орыннан 7-орынға көтеріледі.

Университеттің кадр саясаты стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізуге, әрбір қызметкердің үлесі бағаланатын және марапатталатын креативті корпоративтік ортаны қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Адами ресурстарды басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында университетте адами ресурстарды басқарудың толық циклін қамтамасыз ететін (іздеу, іріктеу, оқыту және дамыту, қызметкерлердің қызметін бағалау, сыйақыларды басқару, корпоративтік мәдениетті дамыту, еңбек қатынастары) HR - үдерістердің өзара қарым-қатынастар жүйесін айқындайтын құжаттар топтамасы әзірленеді және енгізіледі.

Университет жаңа идеяларды генерациялайтын, озық білім беру технологияларын меңгеретін, ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын бастамашыл, жігерлі адамдар үшін тартымды жұмыс орнына айналуға тиіс.

Талант-менеджментті дамыту:

- ғылыми дәрежесі бар жас мамандарды, "Болашақ"бағдарламасының түлектерін тарту;
- жетекші отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында PhD докторантурада және аспирантурада мақсатты оқыту;
- университеттің кадрлық резервін құру;
- өз қызметінің нәтижесінде университеттің барлық қызметкерлерінің уәждемесі мен қызығушылығын арттыру (негізгі персоналдың (ПОҚ) қызметін рейтингтік бағалау, KPI (Key Performance Indicator) негізінде университеттің басқару және әкімшілік персоналының тиімді қызметін бағалау);

- жұмыс үшін қолайлы жағдай жасау;
- біліктілікті арттыру және тағылымдамадан өту бағдарламаларына, жобалық зерттеу топтарына, ғылыми жобаларға және т. б. қатысу.;
- оқытушылық қызметке шетелдік ғалымдар мен мамандарды тарту бойынша ҚР БҒМ бағдарламасына қатысу;
- қолданбалы пәндерді оқыту және білім алушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін қызметкерлерді өндірістен тарту ;
- бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеу деңгейін және әлеуметтік пакетті қамтамасыз ету (жалақыны кезең-кезеңмен арттыру, қызметтік тұрғын үй беру, қызметтік автобуспен қамтамасыз ету және т.б.);
- Орталық Азия елдерінен талантты ОПК-ды тарту;
- тәлімгерлік пен менторингті енгізу; - есебінен жүзеге асырылатын болады.:

Кәсіби, мансаптық және қаржылық перспективалардың ашықтығы, университеттің дамуына қосқан үлесіне барабар әділ сыйақы алу есебінен қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығының өсуі қамтамасыз етіледі.

Оқу үдерісін өндіріспен интеграциялау үдерісін жандандыру мақсатында Қызылорда облысының кәсіпорындары мен мекемелерінің жетекші мамандарын (ұйымдар директорлары, бас мамандар, цех бастықтары, зертхана меңгерушілері, аға тергеушілер, журналистер және т.б.) оқу үдерісіне тарту жалғастырылады.

3.2.БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мақсаты: өңірдің, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына сәйкес келетін білім беру қызметтерін жетілдіру.

Міндеттері:

- ұлттық және аймақтық контекстке біріктірілген университеттің заманауи академиялық экожүйесін қалыптастыру;
- халықаралық стандарт тәжірибелерін және жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының қайта құру;
- кәсіпкерлік білім мен өз ісін құру дағдыларын қалыптастыру, мақсатында кәсіпкерлік білім элементтері мазмұнындағы бакалавр білім беру бағдарламаларын нақты іс жүзінде жүзеге асыру;
- оқытудың инновациялық технологияларын дамыту ;
- бірлескен және екі дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- білім алушылар мен ПОҚ-ның ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын жандандыру;
- сандықбілім беру ресурстарын, жаппай ашық онлайн курс желілері мен платформаларын дамыту (MOOCs);
- ерекше білім беру қажеттіліктерге мұқтаж адамдар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыру.

Күтілетін нәтижелер:

Академиялық артықшылық орталығы (ААО) шеңберінде әзірленген енгізілген және жаңартылған білім беру бағдарламаларының саны-13;

- 2025 жылға қарай университеттің білім беру бағдарламаларын 100% аккредиттеу;
- Университеттің білім беру бағдарламаларының 30% ұлттық және халықаралық агенттіктер, «Атамекен» НПО жүргізген рейтингтер бойынша үздік үштікке кіреді;
- бакалавриатты даярлаудың барлық бағыттары үшін Білім Бағдарламасына "кәсіпкерлік", "технологиялық кәсіпкерлік", "жобалау қызметі" пәндерін енгізу;
- 2025 жылға қарай 5 бірлескен білім беру бағдарламалары;
- жыл сайын бакалавриат түлектерін— кемінде 80% және магистратура мен докторантура - 100% жұмысқа орналастыру;
- ерекше білім алуға қажеттілігі бар адамдар үшін бейімделген білім беру ортасы.

Нысаналы индикаторлар:

Нысаналы индикатор	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарлы кезең				
		2021	2022	2023	2024	2025
Білім беру бағдарламалары-ның саны:						
- бакалавриат	бір л.	62	62	63	64	65
- магистратура	бір л.	35	36	36	37	37
- PhD докторантура	бір л.	13	13	13	13	13
Білім беру бағдарламалары-ның үлесі /әрі қарай ББ/:						
- бакалавриат	%	56,4	55,9	56,3	56,1	56,5
- магистратура	%	31,8	32,4	32,1	32,5	32,2
- PhD докторантура	%	11,8	11,7	11,6	11,4	11,3
Мамандандырылған аккре-диттеуден өткен білім беру бағдарламаларының үлесі	%	90	95	97	99	100
Университеттің институцио-налдық аккредиттеу рәсімінен өтуі	бір л.	-	1	-	-	-
Салалық қауымдастықтар	бір	2	2	2	2	2

мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ саны	л.					
Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ үлесі	%	3	3	3	3	3
Бірлескен білім беру бағдар-ламаларының саны	бір л.	1	2	3	4	5
Бірлескен білім беру бағдарламаларының үлесі	%	1	1,8	2,7	3,5	4,3
Үштілді білім беру бағдарла-масы негізінде әзірленген білім беру бағдарламала-рының саны	бір л.	16	16	17	17	18
Үштілді білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген ББ үлесі	%	25,8	25,8	27	27	27,7
Қашықтықтан оқыту техноло-гияларын пайдалана отырып іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны	бір л.	52	55	56	57	58
Қашықтықтан технологиялар-ды пайдалана отырып іске асырылатын ББ үлесі	%.	83	88	88,9	89	89,2
Бірінші курсқа қабылданған студенттер саны	адам	2500	2600	2700	2800	3000
жалпы бакалавриат контингентінен бірінші курсқа қабылданған студенттердің үлесі	%	32	32	32	32	32
Бірінші курсқа қабылданған магистранттар саны	адам	280	300	350	370	400
Магистранттардың жалпы контингентінің бірінші курсы-на қабылданған	%	50	51	51,3	51,4	51,9

магистрант-тардың үлесі						
Бірінші курсқа қабылданған докторанттардың саны	адам	11	12	12	12	13
Докторанттардың жалпы контингентінің бірінші курсына қабылданған докторанттардың үлесі	%	32,3	35	35	35	35
жоғары оқу орындарына түс-кендердің, соңғы үш жылдағы "Алтынбелгі" иегері, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының жеңімпаздарының, ағымдағы оқу жылындағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайыс жеңімпаздарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жалпы санынан үлесі.	%	3	3	3	3	3
Ерекше білім алуға қажеттілігі бар студенттердің жалпы санынан үлесі	%	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
Біліктілікті арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ үлесі	%	20	22	24	25	26
Ағылшын тілін оқыту курстарынан өткен ПОҚ мен білім алушылардың саны:						
- ПОҚ	адам	57	60	70	80	90
- білім алушылар	адам	100	100	100	100	100
Оқуды аяқтағаннан кейін	%	75	80	85	87	90

1-ші жылы жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі (бітірушілердің жалпы санынан)						
мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жұмысқа ЖОО-ны бітіргеннен кейін 1-ші жылы орналасқан түлектердің үлесі	%	74	75	76	77	78
ЖОО түлегі жалақысының орташа деңгейінің Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық жалақысына арақатынасы	%	70	80	80	85	85
Жұмыс орындарын ашқан түлектердің үлесі	%	1,5	2	2,5	3	3,5
Жергілікті атқарушы мекемелерінің, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен гранттар үлесі	%	2	2	2	2	2
ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын тілдік емес кафедралардың ПОҚ саны	бір л	35	35	36	36	37
ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын тілдік емес кафедралардың ПОҚ үлесі	%	8	8	8	8	8
Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (талаптарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ үлесі	%	3	5	6	7	8
Онлайн курстар (MOOK)әзірленген	бір л	3	24	48	72	96

пәндер саны						
Пәндердің жалпы санынан онлайн курстар (МООК) әзірленген пәндердің үлесі	%	0,2	1,6	3,2	4,8	6,2
Оқу үдерісіне енгізілген электрондық ресурстардың саны (МегаПробазасында)	%	8361	9500	10500	11500	13000
Оқу үдерісіне енгізілген электрондық ресурстар санының өсуі	%	1,1	1,1	1,1	1,1	1,1
Академиялық артықшылық орталығы (ААО) шеңберінде құрылған ғылыми-білім беру зертханаларында оқудан өткен бітірушілердің жалпы санынан үлесі	%	-	-	9	10	11
Академиялық артықшылық орталығына (ААО) қатысатын ББ жалпы санынан енгізілген және жаңартылған білім беру бағдарламаларының үлесі	%	-	100	100	100	100
Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету үшін прокторинг жүйесінің болуы	бір л	1	1	1	1	1
ЖОО-да Академиялық адалдық қағидаттарын жүзеге асыру мақсатында ақпараттық жүйелерінің үлесі (келісімнің болуы)	%	100	100	100	100	100
Білім алушылардың білім беру үдерісіне қанағаттануы	%	78	80	82	85	90
Жұмыс берушілердің мамандар даярлау сапасына қанағаттануы	%	75	78	80	82	85

Индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар

"Үшінші миссияны" жүзеге асыру мақсатында университеттің білім беру қызметі жаһандық еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті маман даярлауға бағытталған

Білім беру бағдарламаларының сапасы мен бәсекелестік артықшылықтары ұлттық және халықаралық аккредиттеумен расталады. 2025 жылға қарай аккредиттелген бағдарламалардың үлесі 100% - ды құрайды.

Университет облыстың ұзақ мерзімді болашақта кадр қажеттілігін жоспарлап және түлектердің облыс ұйымдарына, бизнес құрылымдарына жұмысқа орналасуын, сондай-ақ олардың жұмыс берушілердің құзырет талаптарына сәйкес келуін, бақылаудың өңірлік кешенді жүйесі енгізілетін болады.

2025 жылға қарай университетте:

- салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша Инновациялық білім беру бағдарламалары: "қаржылық технологиялар" (2021 жыл), "жол саласындағы ақпараттық модельдеу" (2022 жыл), "Агрохимия және агротопырақтану" (2022 жыл), "Өсімдік шаруашылығы және селекция" (2023 жыл), "басқарудағы цифрлық трансформация" (магистратура) (2023 жыл), "цифрлық дизайн" (2024 жыл), "Бизнес аналитика" (2024 жыл), "Зияткерлік энергия желілері" (2024 жыл), "2025 жыл)," ұшқышсыз ұшу аппараттары " (2025 жыл);

- отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламалары кадр даярлау сапасын арттырудың маңызды бағытына айналады:

- "Дубна", мемлекеттік университеті Ресей (2021 жыл) Физика, Химия (магистратура)

- Оңтүстік-Орал аграрлық мемлекеттік университетімен бірлесіп "Жаңартылатын энергетика" (магистратура), (2022 жыл);

- Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-мен бірлесіп (2023 жыл) "Инженерлік құрылыс" (бакалавр),

- Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетімен және Витаутас Магнус университетімен бірлесіп (Литва, Каунас қ.) (2024 жыл) "Биология" (бакалавр),

- Ресей университетімен бірлесіп (2025 жыл) "ІТ саласындағы іскерлік аналитика" (бакалавр).

Академиялық артықшылық орталығы шеңберінде мынадай білім беру бағдарламалары әзірленетін болады: "қалдықсыз технология өндірісі", "энергия желісінің Зияткерлік жүйелері", "пилотсыз ұшу аппараттары", "цифрлық дизайн", "Робототехника және мехатроника", "сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымын цифрландыру", "автомобиль жолдарын жобалау және салу", "құрылыс инженериясы", "мұнай-газ құбырларын және мұнай қоймаларын пайдалану" басқарудың автоматтандырылған

жүйесі", "жаратылыстану мұғалімі", "орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі Орыс тілі мен әдебиеті", "Агрохимия және АгроӨнім", "Өсімдік шаруашылығы және селекция".

Университеттің бірегей білім беру ортасы кадрларды көптілді кәсіби даярлауды қамтамасыз етеді. 2025 жылға қарай "жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау" бағыты бойынша үштілді бағдарламалардың үлесі 100% - ды құрайды.

ЖОО аяқтағанға дейін жұмыс тәжірибесін алу және түлектерді жұмысқа орналастыру сапасын арттыру мақсатында практикаға бағдарланған, оның ішінде жұмыс берушілер базасында оқыту мүмкіндіктері кеңейтілетін болады.

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу кеңейтілетін болады.

Университет контингентін қалыптастыру үшін жаңа форматағы рекрутинг орталықтың жұмысы ұйымдастырылады. Атап айтқанда, мектеп оқушыларының мамандық таңдауда ерте өзін-өзі анықтауы, олардың артықшылықтары, аймақ экономикасы талап ететін жаңа даярлау бағыттарына сұранысын анықтауға ықпал ететін оқушыларды ерте кәсіптік бағдарлаудың тиімді жүйесі енгізілетін болады; имидждік жарнамакомпаниясы күшейтіледі; 24/7 Call-орталығының қызметі енгізіледі; Қызылорда, Байқоңыр мектептері мен облыс аудандарының колледждерінде "Қорқыт Ата университеті" күндері ұйымдастырылатын болады; қазақ диаспорасының талантты және дарынды талапкерлері, шетелдік жастар тартылады; талапкерлерге арналған дайындық курстары ұйымдастырылады, пәндік олимпиадалар өткізіледі; халықтың әлеуметтік осал топтар талапкерлеріне арналған тегін дайындық курстары; ішкі гранттар бөлінетін болады.

Талант-менеджментті енгізу мақсатында дарынды білім алушыларды іріктеу бойынша:

- "Алтын белгі" иегер талапкерлерге, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайыстарының жеңімпаздарына, президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайыстарының жеңімпаздарына университеттің білім беру гранттарын және оқу үшін жеңілдіктер беру;

- мектеп және колледж оқушыларын университет қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту;

- мектеп және колледж оқушыларын "Бизнес Старт" жастар кәсіпкерлігі орталығының базасында жүзеге асырылатын жеке бизнес-жобаларды әзірлеуге тарту;

- университетте оқуға қызығушылықты қолдау мақсатында ҰБТ-ға қатысқаннан кейін университетке шартты түрде қабылданған талапкерлер-оқушылар үшін виртуалды оқу сыныптарын ұйымдастыру (оқу тапсырмаларын, оқу контенттерін ұсыну, кітапхана мен оқу залдарына, спорт

секцияларына, студенттік үйірмелерге, жастар ұйымдарына және т. б. қол жеткізу);

- жоғары оқу орнына дейінгі білім беруді дамыту;

-"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығымен ынтымақтастық.

ПОҚ кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Университет оқытушылары Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарына (Назарбаев университеті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, ҚазҰАУ, КТУ, М.Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ, Қазақ Ұлттық өнер университеті (ҚазҰӨУ) және т.б.) жіберіледі

Университет ПОҚ-ның әлемнің жетекші университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы жүзеге асырылатын болады:

Индиана университеті, Миссури (АҚШ), компьютерлік/әлеуметтік (журналистика) бағыты бойынша;

Роял Маунт университеті (Канада), курорттық/қонақ үй, бизнес/туризм бағыты бойынша;

Малайзия университеті (Малайзия) менеджмент/маркетинг/экономика/қаржы бағыты бойынша, сондай-ақ Еуроодақ бағдарламасы бойынша АҚШ, Швейцария, Малайзия, Сингапур, Ұлыбритания, Германия университет-терінде, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ), AsiaGlobal Fellows Program, Vulcanus, Nieman Fellowship.

2025 жылға қарай оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы түлектердің жұмысқа орналасуын 90% - ға дейін арттыру жоспарлануда. Осы көрсеткішке қол жеткізу үшін мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады:

- дөңгелек үстелдер, жұмыс берушілермен кездесулер, бос орындар жәрмеңкесі және т. б. ұйымдастыру арқылы студенттер мен түлектерді еңбек нарығының жай-күйі мен үрдістері туралы хабардар ету;

- университеттің web-сайтын және басқа да интернет-ресурстарды жұмыс берушілер мен түлектердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру үшін және ақпараттық алаң ретінде пайдалану;

- психологиялық және социялық диагностикамен кешенді тиімді жұмыс іздеу және жұмысқа орналасу дағдыларын дамыту бойынша тренингтер өткізу.

Педагогтер үшін толассыз технологиялар негізінде барлық жалпы білім беретін пәндер бойынша қосымша кәсіптік білім беруді ұйымдастырудың икемді архитектурасы енгізілетін болады, бұл оқытудың көптеген форматтарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының базасында Университет түлектерін қолдау және "жаңарту" мақсатында қалыптасқан мамандар Alma mater-де өз білімдерін жаңартып, кәсіби дамуға баса назар аудара алады.

Жасына қарамастан, өмір бойы оқыту тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы

бейресми/қосымша білім берудің Жаппай ашық онлайн курсы (әрі қарай ЖАОК (МООС)) және т. б.) түрлі курстарын, оның ішінде онлайн, қосымша білім берудің сертификациялық курстарын, университеттің ПОҚ үшін қысқы және жазғы мектептерді ұсынады.

Бұл орталық "күміс университет" қызмет ету тұжырымдамасын, яғни ересек тұрғындарды оқытуға арналған білім беру кеңістігін: компьютерлік сауаттылық және IT-дағдылар курстарын, көркем курстарды, тілдік курстарды, түрлі қолөнер техникасын, фитнесі, биді, психологиялық-педагогикалық мектепті, қаржылық сауаттылық негіздерін және т. б. ілгерілететін болады.

Білім алушылардың білім беру үдерісіне қанағаттануы: студенттердің білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына, ЖОО-дағы ғылыми-зерттеу жұмысына қанағаттануы, жеке дамуы мен тәрбиесі үшін жағдай жасау, оларға қолдау көрсету тақырыптарына әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы айқындалатын болады.

3.3. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІ ДАМУ

Мақсаты: ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірлемелерді дамыту, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына университеттің ғылыми зерттеулерінің үлесін арттыру.

Міндеттері:

- ұлттық және өңірлік контекстке біріктірілген университеттің заманауи зерттеу экожүйесін қалыптастыру;
- инновацияларды таратуға және кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін технологиялар мен ойларды зерттеу және трансферттеу;
- ғылымның, білімнің және инновациялық өндірістің тиімді интеграциясын қамтамасыз ету, оның ішінде ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және ілгерілету үшін өнеркәсіптік кәсіпорындар мен іскерлік -құрылымдарды белсенді тарта отырып, "білім-ғылым-өндіріс" моделі негізінде ғылыми жобаларды іске асыру;
- профессор оқытушылар құрамының халықаралық рецензияланатын басылымдарда (Web of Science және Scopus дерекқорына кіретін) жариялау белсенділігін арттыру;
- оқу үрдісіне заманауи ғылыми жетістіктер нәтижелерінің трансфертін қамтамасыз ету;
- университет ғалымдарының ғылыми-техникалық зерттемелерін алға жылжыту бойынша белсенді маркетингтік саясаты;
- университет оқытушыларының, білім алушылары мен түлектерінің іскерлік ойлары мен start-up жобаларын жүзеге асыру;
- шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу;
- университеттің ғылыми-зерттеу зертханалық базасын жаңғырту, жетекші ғылыми орталықтардың зертханаларына қол жеткізу;

- "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы" ғылыми журналын ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне қосу.

Күтілетін нәтижелер:

-2025 жылға қарай кемінде 5 ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру;

-2025 жылға қарай импакт-факторлы ғылыми (Web of Science, Scopus) журналдардағы ПОҚ жарияланымдар санын 200 ге жеткізу;

-2025 жылға қарай start-up жобалар санын кемінде 30 бірлікке;

-2025 жылға қарай "білім-ғылым – өндіріс" моделі бойынша орындалатын ғылыми жобалардың санын – 10 жобаға жеткізу;

-университеттің заманауи инновациялық инфрақұрылымы: "академиялық артықшылық орталығы" жобасы шеңберінде жалпы құны 4 млрд. теңгеге 8 кешенді заманауи зертхана, " физика-химиялық талдау әдістері" инженерлік бейіндегі жаңғыртылған зертхана және заманауи ғылыми-білім беру орталығы және демалыс аймағы ретінде қайта ұйымдастырылған агробиологиялық учаске;

- "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы" ғылыми журналы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне кіруі (жаратылыстану, техникалық ғылымдар, білім беру және гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар сериялары);

- SciVal (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибесі бойынша).

Нысаналы индикаторлар:

Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі.	Жылдар бойынша жоспарлы кезең				
		2021	2022	2023	2024	2025
Университеттің жалпы табысынан ҒЗЖ бойынша табыс көлемі	млн.тг	130,5	150,0	170,0	200,0	220,0
ҒЗЖ-ны жалпы қаржыландырудан жобаларды ЖАО және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландыру көлемі	млн.тг	7,1	10,1	12,9	17,1	22,1
ЖАО және іскер өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалардың үлесі	%	8,3	10,4	12,5	15	17,5
Ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан алынған кірістердің үлесі (ЖОО-ның жалпы бюджетінен)	%	3,6	2,5	2,6	2,7	2,7

ЖОО дереккөзде орындалатын қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының саны	бірл.	13	15	18	20	21
ЖОО дереккөзде жобалардың жалпы санынан орындалатын қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының үлесі	%	82,8	83,3	85,7	87,0	87,5
Жобаларды коммерцияландыру саны	бірл.	2	3	4	5	6
Жобалардың жалпы санынан коммерцияландырылған жобалардың үлесі	%	14,3	16,6	19,0	21,7	25,0
Қызметкерлер мен білім алушылар іске асырған start-up жобалар саны	бірл.	28	32	33	34	35
Қызметкерлер мен білім алушылар іске асырған start-up жобалардың өсімі	%	1	1,14	1,03	1,03	1,03
Алынған патенттер саны:						
- халықаралық	бірл.	-	2	3	3	4
- қазақстандық	бірл.	12	12	12	14	16
